



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANGÁZIN ATYNDAǴY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ  
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY  
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYǴY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANGÁZIN ATYNDAǴY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ  
80 JYLDYǴYNA ARNALǴAN ALTYN SARIN OQYLARY  
«Bilim berý praktikasy sapasyn  
joǵarylatýdyň ózekti máseleleri»  
atty halyqaralyq ǵylymı-praktıkalyq konferensiasynýň

MATERIALDARY

III KİTAP



III КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ  
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

«Актуальные проблемы повышения  
качества образовательной практики»

Qostanaı q., 2019 j.  
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

**Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 257 б.**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции «Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)  
КБЖ 74.00**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

руководителей учебных заведений «Директор школы» К.М. Ушаков, необходимые сегодня учителю навыки формируются в школе, где есть взаимодействие её членов, по-другому К.М.Ушаков называет это профессиональными связями. [4]

Что тогда будет основой управления взаимодействием учителей с целью развития исследовательских навыков? В какой поддержке со стороны филиала Центра педагогического мастерства нуждаются школы области? Так, если повышение степени взаимодействия, развитие профессиональных связей внутри педагогических сообществ учителей, создание организационной культуры школы способствует профессиональному росту учителя исходя из целей его профессионального развития. Здесь не может не радовать существующая практика с темами самообразований в общеобразовательных школах, которые предполагают некий профессиональный интерес учителя и цель его профессионального развития. И так как, индикатором Профессионального стандарта являются не знания и умения, а именно навыки, а Концепция непрерывного педагогического образования в РК определили исследовательскую компетентность, то мы имеем в виду именно длительный и устойчивый процесс исследовательской деятельности на основе добровольного взаимодействия коллег школы. Поэтому работа с ведущими школами в 2019 году начата с систематизации стратегических целей школы. Потому что переход из плоскости обучения в плоскость исследования собственной практики не может быть краткосрочной целью и точно не относится к категории разовых мероприятий. Это, как минимум, цель среднесрочная или долгосрочная...

#### **Список литературы:**

1. Профессиональный стандарт «Педагог». Приложение к приказу Председателя Правления Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» № 133 от 8 июня 2017
2. Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан. Астана, 2005.-32с.
3. Стивен П.Роббинс. Менеджмент. 2004.- 17 с
4. «Как сделать школу лучше, или Социальный капитал как приоритет». Директор школы. №2, 2015.

## **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА ҚОЛДАНАТЫН ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ**

Мухтанғалиева Махаббат Касенхановна,  
Куржумбаева Гульмира Серікқызы,  
Косназарова Анара Раянқызы,  
бастауыш сынып мұғалімдері

#### ***Аннотация***

*Күнде өзгеріп жатқан ғаламда уақыт талабынан қалмай, бәсекеге қабілетті болу үшін бүгінгі білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер керек. Білім саласындағы басты өзгерістердің бірі ретінде білім мазмұнының жаңаруын айтуға болады. Бұл- уақыт талабынан шығуға деген талпыныстан туған жауапты қадам. Фундаментальды білімнен функционалды білімге ауысу кезеңінде әрине, көзқарастар қайшылығы орын алатыны айқын. Дегенмен бүгінгі күннің талабы осы. Қаншалықты күрделі үдеріс болғанымен, бірақ осы өзгерістер, түбегейлі жаңарулар – қажеттілік. Білім мазмұнының жаңаруы түрлі озық тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.*

#### ***Аннотация***

*В сегодняшнем меняющемся мире радикальные изменения должны быть внесены в сегодняшнюю систему образования, чтобы быть конкурентоспособными. Одним из основных*

изменений в образовании является обновление содержания образования. Ясно, что существует конфликт мнений между фундаментальным образованием и переходом к функциональным знаниям. Однако это требование сегодняшнего дня. Хотя есть сложный процесс, но эти изменения требуют радикальных обновлений. Обновление контента позволяет создавать различные передовые подходы.

#### **Abstract**

*In today's changing world, radical changes need to be made to today's education system to be competitive and competitive. One of the major changes in education is the renewal of education content. This is a responsible step from the desire to break the timetable. Clearly, there is a conflict of views between fundamental education and functional education. However, this is the requirement of today. Although there is a complicated process, but these changes, radical updates are a necessity. Renewal of content allows to create different advanced approaches.*

**Түйінді сөздер:** тәсіл, әдіс, құндылық.

**Бастауыш білім беру мақсаты** — келесі негізгі кең ауқымды дағдыларға:

- білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану;
- сыни ойлау;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;
- әр түрлі коммуникация тәсілдерін пайдалану;
- топта және жеке жұмыс істеу ептілігі;
- проблемаларды шешу және шешімдер қабылдауға

ие оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру.

Педагогикалық әдіс-тәсілдер

- құндылықты-бағдарланған;
- әрекетті;
- тұлғалық-бағдарланған;
- кіріктірілмелі;
- коммуникативті

әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын құрудағы негізгі бағдарлар болып табылады.

Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар мен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған.

**Оқыту әдіс-тәсілдері:**

**Құндылықты-бағдарланған тәсіл**-оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

**Тұлғалық-бағдарланған тәсіл** — педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

**Жүйелік-әрекетті тәсіл** — оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

**Коммуникативтік тәсіл**—бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

**Интегративтік тәсіл**—оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

**Зерттеу тәсілі** — зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

### **Интербелсенді әдіс**

Интербелсенді әдіс— үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді) Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз. Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты— тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интерактивті әдістерді қолдануда кейбір ережелерді есте сақтау қажет:

- Бірінші ереже. Жұмысқа балалар толығымен қатысуы керек.
- Екінші ереже. Балаларды психологиялық тұрғыдан дайындау, сабақ барысында сергіту сәті, балаларды белсенділігі үшін марапаттау, баланың өзін — өзі көрсетуіне жол беру.
- Үшінші ереже. Кабинет талапқа сай болуы қажет .
- Төртінші ереже. Жұмыс орнына назар аудару қажет. Оқу орны ыңғайлы және жайлы болуы қажет. Бала өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруге мүмкіндік жасалуы қажет.
- Бесінші ереже. Оқу барысында процедураға және регламентке назар аудару қажет. Мысалы, белгіленген уақыттан асып кетпеу, бөгде кісінің пікірін сыйлау, сөзді бөлмеу, оның ар-ожданын сыйлау.
- Алтыншы ереже. Оқушыларды проблема шешу барысында топқа бөлуге мұқият қарау .

Интерактивтік әдістеме өзара қарым – қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен, әдістемелік амал қандай болса да, оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелерін білім берудің негізгі көзі саналады. Оқу процесінің барысында мынадай қарым – қатынасқа түседі:

- Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);
- Өзге балалармен (қосақталып жұмыс істеу барысында)
- Шағын топтармен (3-5 баламен);
- Балалардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында);
- Балалардың тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сауалнама жүргізеді);
- Кейбір техника түрлерімен (мысалға , компьютермен);



Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылайды, зерттейді. Оған дәлел: Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үдерісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады деген Хэтти (2014)

Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуға белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, яғни бүгінгі тақырыпқа деген жаңаша түсінік пайда болды ма, немесе жоспар іске асты ма деген сияқты т.б.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

**1. «Ыстық орындық» әдісі.** Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық.

**2. «Автор орындығы»** оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді.

**3. «Миға шабуыл» стратегиясы**

**(Мұғалімдермен жұмыс)** Тақырыпқа байланысты идеяларды көбірек жазыңыз.

Уақыт аяқталғанда кезектесіп өз идеяларыңызды оқысыз, идея қайталанбау керек. Қайталанған идеяларды сызып тастап отырыңыз. Мысалы: «оқушылар мектепті тастамақ үшін не істеу керек?»

**4. «3 таяқша» әдісі (мұғалімдермен жұмыс)** Берілген тақырыпқа байланысты 1 сұрақ 1 жауап 1 идея әр топ даярлап, көпшілікке салады. Мысалы: «деңгейлі оқыту туралы»

**5.«Бинго» ойыны. (Мұғалімдермен жұмыс)** Лотоға түскен сандарға байланысты сұрақтар беру. Мысалы: 16 — сұрақ. Семинарға не үшін келдіңіз? Алдымен мұғалімдерге жауап бергізіп, соңынан дайын жауапты ашу, салыстыру. «Әдіс алмасу үшін.»

**6.«Өзіңді тексеріңіз» әдісі** Бұл мәлімет ШЫНДЫҚ па немесе ЖАЛҒАН ба? Өтілген мәтін бойынша мысалдар келтіріледі. Мысалдарды оқу кезінде оқушылар ол келтірілген мысалдың өтілген мәтінде бар, жоғын анықтайды.

**7. . Ширату ( Оқушыларға ширату түрлерін жасату)**

**8. «Он сұрақ!» әдісі.**(мұғалімдермен жұмыс, гүл, семинар, сабақ, оқу сөздерін келтіру) Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады – қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі.

**9.«Серпілген сауал» әдісі**

Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында сұрақтарды лақтырыңыз.

**10. «Сұрақтар жаңбыры»**

*Ұйымдастыру:* топпен жұмыс.

*Мақсаты* оқушылардың сұрақ қою және сыни ойлау дағдыларын дамыту.

*Сипаттамасы:* оқушылар топтарға өз еркімен, қалауымен бөлінеді. Әр топ параққа сұрақтар жазып, бір-біріне лақтырады. Алған сұрақтарына жауап жазып, кері лақтырады.

Жауап жазылған парақты қағып алған ойыншы, сол жауаптан сұрақ тудырып, ары қарай лақтырады. Ойын осылай жалғасады.

### **11. «Детектив» әдісі**

*Ұйымдастыру:* топпен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың сыни ойлау, көшбасшылық дағдыларын дамыту.

*Сипаттамасы:* Оқушылар екі топқа біріктіріледі. Екі топқа да шытырман оқиғалы мәтін шағын бөліктерге бөлініп, қима қағаздарға жазылып беріледі. Олар 15 минут ішінде осы мәтіндегі шытырман оқиғаның шешімін табуы тиіс. Әр топ өз шешімдерін айтады. Қандай тәсілмен анықтағандары талқыланып, ақпараттармен жұмыс істеу туралы ой бөліседі.

### **12.«Коллаж әңгіме» әдісі**

*Ұйымдастыру:* топпен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың сыни ойлау және коммуникативтік дағдыларын дамыту.

*Сипаттамасы:* оқушыларға түрлі-түсті суреттері бар журналдар беріледі. Олар журналдардан қиып алып алған суреттерін флипчартқа жабыстырып, әңгіме құрастырады.

### **13.«Менің сөзім» әдісі**

*Ұйымдастыру:* ұжыммен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың сабақта алған білім, білігін бағалау.

*Сипаттамасы:* сыныптан бір оқушы тұрып, сабақтан бүгінгі үйренгендерін қорытындылап айтады. Айтып болған соң, басқа бір оқушының атын атайды. Сөзді сол оқушы жалғастырып, сабаққа рефлексия жасайды. Барлық оқушы сабақты қорытындылауға осы ретпен қатысады.

Осы кезде оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгереді. Басқаша айтсақ, оқушыға бағдарланған оқыту ортасында мұғалім оқушылардың сыныпқа келген кездегі бастапқы сенімдерін, білімін және өзіндік ойын негізге ала отырып, өз пайымдарын жасауға қабілетті екенін түсінеді. Егер оқу үдерісі оқушы мен оқу материалын жалғастыратын «көпір салуға» негізделсе, онда осы үдерісті үйлестіретін мұғалімдер көпірдің екі жағын да қадағалай білуі тиіс. Мұғалімдер оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын, әр оқушының нені жақсы көретінін және не істегісі келетінін түсінуге тырысады.

Жалпы қорыта айтқанда, аталған бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Сондықтан басқа пәндердің де осындай оқыту формасымен оқытылса, тиімді болатындығын айтуға болады. Осы бағдарламаны меңгергенде ғана жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

Келешекте өз тәжірибемде :

1. Оқушылармен үнемі тепе – теңдікті ұстауды, еркіндік беруді.
2. Оқытуды сапалы ету үшін жаңа тәсілдерді қолдана отырып, сабақтарымды түрлендіруді
3. Әріптестерімді қызықтырып, бірлесе жұмыс жасауды
4. Ата – ана, мектеп психологымен жаңаша бағыттағы жұмысты дамытамын.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Айтмамбетова Р.М. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. - Алматы 1985

2. Игенбаева Б.Қ. Аринова Г.К. «12 жылдық білім беру жағдайында оқыту әдістері технологиялары (әдістемелік құрал)». - Астана 2006ж

## ХИМИЯ САБАҒЫНДА ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мұхтарұлы Ернар,  
Қостанай қаласындағы  
ФМБ НЗМ-нің  
химия пән мұғалімі  
Худайбергенов Нияз Мурадович,  
Қостанай қаласындағы  
ФМБ НЗМ-нің  
химия пәнінен мұғалім-тәлімгер

### *Аннотация*

*Жұмыста оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруда химия сабағында өткізілетін эксперименттік жұмыстарда ғылыми-зерттеу әдісін қолданудың барлық кезеңдері сипатталған (проблеммалық сұрақ қою, тәжірибені жоспарлау және жүргізу, ақпаратты жинақтау және талдау, өз жауабын ұсыну және басқалармен талдау).*

### *Аннотация*

*В работе описаны применения всех этапов научно-исследовательского метода в экспериментальных работах на уроке химии по формированию исследовательских навыков обучающихся (постановка проблем, планирование и проведение экспериментов, сбор и анализ информации, представление ответов и обсуждение с остальными учащимся)*

### *Abstract*

*At work, described all the stages of the application of the research method in experimental work on the chemistry lesson on the formation of research skills of students (posing problems, planning and organization of experiments, collecting and analyzing information, presenting answers, etc.)*

**Түйінді сөздер:** *зерттеушілік дағды, эксперименттік жұмыс, ғылыми-зерттеу әдісі, жаратылыстану ғылымдары.*

**Ключевые слова:** *исследовательский навык, экспериментальная работа, метод исследования, естественные науки*

**Keywords:** *research skill, experimental work, research method, natural Sciences*

XXI ғасыр – озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Жаңаша оқыту технологиясы – белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі. Оқытуды жаңаша ұйымдастыру төмендегі міндеттерді қамтуы тиіс:

- оқушыларды оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
- ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету;
- деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту [1, б. 55].

Қазіргі таңда заманауи білім берудің міндеттерін жүзеге асыруда және өмірге өзіндік шығармашылық көз қараспен қарайтын оқушыларды тәрбиелеуде ғылыми-зерттеу әдістері кеңінен қолданылуда. Бүгінде мектептердің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – заманауи ақпараттарды іздеу әдістерін меңгерген, зерттеушілік дағдылары қалыптасқан, туындаған мәселені шешуде шығармашылық ойлау қабілетке ие, өз бетімен білім алуға қабілетті оқушыларды дайындау.



## МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

### СЕКЦИЯ 3. ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

#### СЕКЦИЯ 3. ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ В ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

<i>Матушевич Л. В., Мендыбаева Ш. Ж., Нерубайская Г. Д., Образование в условиях развития технических средств.....</i>	3
<i>Молдахметов Н. Б., Жолдыбек Г. Ж., Заманауи білім беруде инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану.....</i>	7
<i>Мурзагалиева А. Е., Исследовательская деятельность учителя как способ профессионального развития.....</i>	11
<i>Мухтангалиева М. К., Куржумбаева Г. С., Косназарова А. Р., Жаңартылған білім беру аясында қолданатын тәсілдердің тиімділігі.....</i>	14
<i>Мұхтарұлы Е., Худайбергенов Н. М., Химия сабағында ғылыми-зерттеу әдісі арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру.....</i>	19
<i>Міркемел А.М., Қазақ тілі сабақтарында кембридждік оқыту бағдарламасы модульдерінің ықпалдасуы мен тиімді жүзеге асуы.....</i>	22
<i>Мырзалиева Ж. Б., Ахмедина А. Қ., Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар.....</i>	26
<i>Наженова М. А., Акбарова Р. Г., Применения инновационных технологий на уроках английского языка.....</i>	29
<i>Назарова Г. К., Байдешов Д. Б., Булекова А. Е., Қазіргі білімнің дамуы – болашақтың қайнар көзі.....</i>	32
<i>Нугуманова К.А., Stem-образование как платформа современной интеллектуальной техносферы.....</i>	35
<i>Нурахметова К. М., Повышение рефлексивной культуры учителя – залог улучшения практики преподавания.....</i>	40
<i>Нургажанова Р. С., Абусагитова А. С., Касенова А. А., Білім беру тәжірибесіндегі инновациялық тәсілдер.....</i>	45
<i>Тыңғазы А. Е., Нургазина А. У., Білім беру жүйесінде заманауи технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту.....</i>	50
<i>Нурсултанова К. А., Кинжекеева Г. М., Оқытуда Clil әдісінің қолдану ерекшеліктері.....</i>	53
<i>Нурушева Г. К., Петренко О. Е., Применение интерактивных методов обучения на уроках истории Казахстана.....</i>	56
<i>Олейник Т. Ю., Использование технологии развития критического мышления и исследовательской деятельности на уроках в начальных классах.....</i>	60
<i>Олейникова Н. В., Шевко И. А., Мелихова Л. Б., Применение инновационных технологий и методов в практике современного учителя.....</i>	65
<i>Омарова С. К., Боканова А. А., Мәтінмен жұмыс жүргізу жолдары.....</i>	68
<i>Рахимова А. А., Психологические особенности использования технологии проектного обучения в начальной школе.....</i>	71
<i>Рахимова Э. Е., Елеусизова Г. Д., Кіріктірілген сабақтардың оқушыларда көптілділік дағдыларын дамытудың тиімді жолдары.....</i>	75